

## Жыныстық және тұлғааралық зорлық-зомбылық жәбірленушілеріне арналған иммиграция және виза ақпараты

Иммиграция және виза статусы жөнінде сұрақтары бар халықаралық студенттер және ғылыми қызметкерлер иммиграциялық заңгер көмегіне жүгінгені жөн. Бұл құжат заңның жекелеген тұстарын түсіндіретін ресурс болып табылады, бірақ құқықтық кеңестің орнына қолданылмайды.

### Мен шабуыл жәбірленушісімін, иммиграциялық статусым кампус ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігіме әсер етеді ме?

Жоқ. Заңға сәйкес жыныстық және тұлғааралық зорлық-зомбылық жәбірленушісі болып табылатын студенттер және қызметкерлер иммиграциялық және виза статусына қарамастан 1972 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Білім алу туралы заңның (IX бөлімі) IX бөліміне және Әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылық заңына (VAVA) сәйкес бірдей құқықтарға ие болады.

Кампустың медициналық және кеңес алу ресурстары, әрі қолжетімді тұрғын жай туралы ақпаратты мына жерден табуға болады:

<https://1is2many.okstate.edu/>

Студенттердің тәртіп ережелері туралы ақпаратты мына жерден табуға болады:

<https://studentconduct.okstate.edu/code>

Колледж қылмысты хабарлағаныңыз үшін сізді қудаламайды немесе сізге басқаша қарамайды.

### Рәсімделген немесе рәсімделмеген иммигрант ретінде қылмыстық айыпты таға аламын ба?

Иә. Еліңіздің жыныстық сипаттағы қылмыстың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, кездесу барысындағы зорлық-зомбылықтың және алымсақтықтың қылмыстық анықтамалары туралы ақпаратты Жылдық қауіпсіздік есебінде табуға болады:

<https://police.okstate.edu/annual-security-reports>

Айып тағу туралы нақты сұрақтарды мынаған жолдауға болады:

Oklahoma State University Police Department, OSUPD  
104 USDA Building, Stillwater, Oklahoma 74078  
405-564-6523

<https://police.okstate.edu/>

[1is2many@okstate.edu](mailto:1is2many@okstate.edu)

### Қылмыс жәбірленушілеріне қатысты виза және иммиграциялық статустар бар ма?

Иә. Жыныстық сипаттағы қылмыс, тұрмыстық зорлық-зомбылық, кездесу барысындағы зорлық-зомбылық және алымсақтық жәбірленушілеріне U және T визаларын қоса басқа виза нұсқалары болуы мүмкін. Толық мәлімет алу үшін иммиграциялық заңгерге хабарласыңыз.

| U визасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | T визасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жыныстық алымсақтықты, тұрмыстық зорлық-зомбылықты, зорлауды немесе өзге байланысты қылмыстарды қоса белгілі бір қылмыстық әрекет нәтижесінде едәуір физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық көрген жәбірленушілер үшін<br>-Жәбірленуші/өтініш білдіруші белгілі бір белгілері бар қылмыстық әрекет жәбірленушісі болуы керек және осы қылмыстық әрекетті тергеуге және/немесе істі жүргізуге көмек беруі керек<br>-Жалпы төрт жылға жарамды болады<br>-Қосымша ақпарат алу үшін иммиграциялық заңгерге хабарласыңыз және мынаны қараңыз:<br><a href="http://www.uscis.gov/humanitarian/victims-human-trafficking-other-crimes/victims-criminal-activity-u-nonimmigrant-status/victims-criminal-activity-u-nonimmigrant-status">http://www.uscis.gov/humanitarian/victims-human-trafficking-other-crimes/victims-criminal-activity-u-nonimmigrant-status/victims-criminal-activity-u-nonimmigrant-status</a> | Адам саудасының жәбірленушілері үшін<br>-Құқық қорғау органдарынан адам саудасы әрекеттерін тергеуде немесе іс жүргізуде ынтымақтасуға тиісті өтініштерін орындау керек (физикалық немесе психологиялық жарақатқа байланысты ынтымақтасу мүмкіндігі болмаған жағдайды қоспағанда) және жәбірленушінің/өтініш білдірушінің Құрама Штаттардан шеттетілген жағдайда ауыр қиындықтарға тап болатынын айғақтауы керек<br>-Жалпы төрт жылға жарамды болады<br>-Қосымша ақпарат алу үшін иммиграциялық заңгерге хабарласыңыз және мынаны қараңыз:<br><a href="http://www.uscis.gov/humanitarian/victims-human-trafficking-t-nonimmigrant-status">http://www.uscis.gov/humanitarian/victims-human-trafficking-t-nonimmigrant-status</a> |

### Кампуста маған қосымша ақпарат бере алатын кенсе бар ма?

, International Students & Scholars  
250 Student Union, Stillwater, OK 74078  
405-744-5459

<https://lcl.okstate.edu/iss/>

[su-iss@okstate.edu](mailto:su-iss@okstate.edu)

Халықаралық студенттер мен ғылыми қызметкерлерге қызмет көрсету кеңсесі иммиграция статусы бойынша пайдалы ақпаратты бере алады. Басқа виза статустарына өзгерістерге, стандартты F-1 және J-1 студент визаларына жатпайтын құқықтық тандауларға немесе жұмыс беруші қолдауымен алынатын жұмыс визаларына қатысты сұрақтар бойынша білікті иммиграциялық заңгермен кеңесіңіз.

### Виза нұсқалары

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>F-1 және J-1 статусындағы студенттер</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Лицензиясы бар медицина дәрігері, дәрігер-остеопат немесе лицензиясы бар клиникалық психолог куәландырған денсаулық жағдайына байланысты курс жүктемесін азайтуды мақұлдау мүмкіндігі</li> <li>• Білім алу бағдарламасынан бас тарту мүмкіндігі және салдарлары</li> <li>• Студент бас тартуды қалаған жағдайда білім алу бағдарламасына кейін оралу туралы ақпарат</li> <li>• Еріп жүретін зайыбына берілетін мүмкіндіктер және салдарлар</li> <li>• Виза статусын өзгерту мүмкіндіктері туралы жалпы ақпарат.</li> <li>• U және T визалары туралы жалпы ақпарат. (Білікті иммиграциялық заңгерге жолдау)</li> <li>• Білікті заңгерге жолдау</li> </ul> | <p>H-1B, O-1, E-3 немесе TN қызметкерлері</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Академиялық демалыс беру мүмкіндіктері және иммиграциялық статус салдарлары</li> <li>• Еріп жүретін зайыбына берілетін мүмкіндіктер және салдарлар</li> <li>• Виза статусын өзгерту мүмкіндіктері туралы жалпы ақпарат. Білікті иммиграциялық заңгерге жолдау</li> <li>• U және T визалары туралы жалпы ақпарат. (Білікті иммиграциялық заңгерге жолдау)</li> <li>• Білікті иммиграциялық заңгерге жолдау</li> <li>• АҚШ тұрақты резиденттігіне өтініш тапсырған (жасыл карта әлі бекітілмеген)</li> <li>• Жұмыс орнын жұмыс беруші қолдауымен тұрақты резиденттікке өтініш тапсыруға тастаудың әсері;</li> <li>• Білікті заңгерге жолдау</li> </ul> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

#### Иммиграциялық заңгер деген кім және ол не істейді?

Иммиграциялық заңгерлер иммиграциялық заң саласында маманданған лицензиясы бар заңгерлер болып табылады. Олар тапсырысшының қорғаушысы ретінде әрекет етеді және иммиграция қызметтерінде, иммиграция сотында, әрі иммиграция жеңілдіктерін алуға өтініш тапсыруда оларға өкілдік ете алады. Заңгер жалпы кеңес бере алады және иммиграция нұсқаларын талқылай алады. Барлық заңгерлер секілді иммиграциялық заңгерлер кәсіби әдеп және құқық талаптарына бағынады және тапсырысшы талқылауларын құпия түрде сақтайды.

#### Жергілікті иммиграциялық заңгерді қайдан таба аламын?

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Ұлттық қауіпсіздік министрлігінің (DHS) бюросы болып табылатын АҚШ Азаматтық және иммиграция қызмет (USCIS) жеке тұлғаларға тегін немесе арзан құқықтық өкілдікті табуға көмектесетін екі сайтты ұсынады:</p> <p><a href="#">USCIS: Қауымдастық веб-бетіндегі Анықтаманы табу</a> <a href="#">USCIS: Құқықтық қызметтерді табу веб-беті</a></p> <p><a href="#">Иммиграция шағымдарының алқасы (BIA) иммиграция бойынша қызметтерді тегін немесе арзан бағамен ұсынатын әр штаттың заңгерлер тізімін береді.</a></p> <p><a href="#">Американдық иммиграциялық заңгерлер қауымдастығы (AILA) студентке немесе ғылыми қызметкерге иммиграциялық заңгерді табуға көмектесетін онлайндық Иммиграциялық заңгердің анықтама қызметін ұсынады.</a></p> <p><a href="#">Американдық заңгерлер қауымдастығы да штат бойынша құқықтық қызметтерді табу ақпаратын береді.</a></p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|